



БЕКІТІЛДІ
Мектеп директоры  С.Шокаманов




«Қаражон шағын жинақталған жалпы орта мектеп»
КММ-де 2022-2023 жылында кәсіби бағдар беру
саласы бойынша атқарылған іс-шаралардың
жылдық есебі

Оқушыларға мамандықтар және оның маңызы туралы ақпараттармен бөлісу. Мақсаты: Оқушыларға мамандық дегеніміз не, мамандықтың маңызы, қоғамға қажетті мамандықтар туралы ақпарат беріп, оқушыларды ақпараттандыру. 10, 11 сынып оқушылар арасында «Мамандықтар әлемінде» деген тақырыбында сынып сағаты өтілді.



7-сынып оқушыларына дебат, интеллектуалды сайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, мамандыққа байланысты түсініктерін қалыптастыру



«Менің болашақ мамандығым» суретшілер байқауы

5-8 сынып оқушылары арасында «Менің болашақ мамандығым» атты суретшілер байқауы өткізілді.





11-сынып окушыларына окуга түсу шарттарын түсіндіру



9-11 сынып оқушыларына «Маңызды мамандықтар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың мамандық туралы түсініктерін қалыптастыру, мамандық таңдау, оның адам өміріндегі алатын орны, маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру, сұранысқа ие мамандықтар туралы мәлімет беру



9-11 сынып оқушылары арасында «Не?Қашан?Қайда?» деген тақырыпта викториналық жарыс өткізілді.

Викторина «Тұлғалар», «Қалалар», «Кино,мультфильм кейіпкерлері», «Мамандықтар», «Еркін тақырып» деген 5 кезеңнен тұратын сұрақтар жасырылды.Жеңімпаз болған топ марапат қағазымен марапатталды.





11-сынып оқушыларын «Бүгінгі оқушы – ертеңгі студент» атты мектеп түлектерімен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Мақсаты: Студенттік өмірдің қиындығы мен қызығын таныстыру, оқушыларға мамандық таңдау және болашақ мамандық таңдауға бейімдеу, оларға бағыт-бағдар беру. Студенттер оқушыларға өздері оқыған оқу орындарының ерекшеліктерін айтып, мектеп түлектеріне бағыт-бағдар берді.



7-8 сынып оқушыларымен психологпен бірлесіп, кәсіптік бағдарлау ойындары мен тренингтер өткізілді.



11-сынып оқушылары оқу орындарының «Ашық есік» күндеріне орай экскурсияға барды. Түркістан қаласындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙМАНДОСТЫҚ ЖӘНЕ ТУРИЗМ УНИВЕРСИТЕТІНЕ, ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРК УНИВЕРСИТЕТІНЕ шолу, таныстыру экскурсиясына барып қайтты. Университеттің кәсіптік бағдар беру мамандары оқушыларға оқуға түсу ерекшеліктері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізді.





9-11 сынып оқушыларын орта арнаулы оқу орындарының мамандарымен кездесу өткізілді. Кентау қаласындағы көп салалы колледжі мамандарымен және Түркістан индустриялы көп салалы колледжі мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Орта арнаулы оқу орнының мамандары оқушыларға оқуға түсу шарттарын және оқу орнының ерекшеліктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



9-сынып оқушыларымен «9-сыныпты бітірген соң, оқуға түскен дұрыс па?» деген тақырыпта пікірталас өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға 9-сыныпты бітіріп, оқуға түсудің артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіндіру, орта арнаулы оқу орнындағы мамандықтармен таныстыру, психологиялық тренинг арқылы оқушылардың мінез-құлқын анықтау. Оқушылармен 9-сыныпты бітіріп, оқуға түсудің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

